

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

*Мынжасарова Р.А., 2 курс магистранты
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
Астана қ.*

Қазақстандағы құс шаруашылығы ауыл шаруашылығының ең озық және қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады.

Мақсатына қарай құс шаруашылығы ет және жұмыртқа болып екіге бөлінеді. Тауық еті – адам ағзасына оңай сіңетін диеталық, дәмді және пайдалы өнім. Пайдалы қасиеттерінен басқа, тауық етінің құны жоғары емес, бұл өнімді халықтың, кез келген әлеуметтік бөлігі үшін өте қолжетімді етеді. Жұмыртқаның ақуызы мен сарыуызы өнеркәсіптің, көптеген салаларында – тамақтан бастап химия өнеркәсібіне дейін кеңінен қолданылады.

Құс шаруашылығының бізге беретін жанама өнімдері - бұл жеңіл өнеркәсіпте қолданылатын қауырсын мен мамық, сондай-ақ бағалы органикалық тыңайтқыш болып табылатын – құс саңғырығы.

Зерттеудің мақсаты – елдегі құс шаруашылығының дамуын негіздеу, факторларды анықтау және олардың тиімді көрсеткіштермен байланысын бағалау үшін экономикалық және статистикалық әдістерді қолдану.

Бүгінгі таңда құстың саны жөнінен Ресей, Қытай, АҚШ, ал жұмыртқа өндіруден АҚШ, Қытай, Ресей, Үндістан және Жапония ерекше көзге түседі [1].

Шаруашылық құстары көбеюдің жылдам қарқынымен, жоғары өнімділігімен және өміршендігімен ерекшеленеді. Құс өсіру мал шаруашылығының салаларына қарағанда өнім бірлігіне аз еңбек және материалдық шығынды қажет етеді [2].

Дүниежүзілік және отандық тежірибе, өнеркәсіптік құс шаруашылығының елге аса қажет азық-түлік өнімдерінің өндірісін жылдам арттыруға және халық рационында ақуыздың оңтайлы балансын қамтамасыз етуге қабілетті екенін растайды.

Құс өнімдерін өндірудің басқа салалармен салыстырғанда жоғары тиімділігі құс етінің, ерте пісуі, азықтың, энергияның және адам еңбегінің үлестік шығынының төмендігімен түсіндіріледі, бұл ауыл шаруашылығы өндірісінің осы басым бағытын дамытудың орынды екенін дәлелдейді [3].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасында 2019-2023 жылдар аралығындағы құс шаруашылығын

дамыту бойынша, оның ішінде құстардың саны, ет және жұмыртқа өндірісі туралы мәліметтер, сондай-ақ аймақтық таралу және салалық динамика туралы деректер жинақталды.

Алынған зерттеу нәтижелерін талдау, теориялық және практикалық қорытындыларды тұжырымдау үшін әртүрлі ғылыми әдістер, соның ішінде аналитикалық тәсілдер, деректерді құру және салыстыру әдістері, абстрактілі логикалық және салыстырмалы талдау, графикалық және кестелік ақпаратты өңдеудің статистикалық әдістері.

Нәтижелер және оларды талқылау. Қазақстан Республикасындағы құс шаруашылығы соңғы жылдары сандық және сапалық дамуы қарқынды түрде арттыруда. Мал мен құс басы тұрақты қарқынмен өсуде.

2024 жылғы тамыз айындағы мәліметтер бойынша өткен жылмен салыстырғанда құстардың саны 3,9%-ға өсіп, 45,6 млн басты құрады, ал халықтың шаруашылықтарында жалпы құс санының 23,9%-ы; крестьяндық немесе фермер қожалықтарында және жеке кәсіпкерлерде 1,1%; ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 75% болды.

«Қазақстан құс өсірушілер одағы» мәліметтері бойынша қазіргі уақытта Қазақстанда:

- 2022 жылғы 1 желтоқсанда жалпы өнімділігі жылына 5027 млн. дана тауарлық жұмыртқа өндіру бойынша 38 құс фабрикасы. Бұл ретте 5 ірі зауыт (қуаты 200 млн. жұмыртқа/жыл) шамамен 1330 млн. жұмыртқа немесе жалпы өнімнің 35% өндіреді.

- Ет өндіру бойынша 29 құс фабрикасы, жалпы қуаттылығы 2022 жылы 12 қаңтарда жылына 293 мың тонна құс етін құрайды. Бұл ретте 5 ірі зауыт 192 мың тоннаға жуық немесе жалпы құс етінің 67%-ын өндіреді.

- II ретті 3 племптицепродуктор, 12,3 млн дана көлемінде инкубациялық жұмыртқа және 4169 мың бас етті бағытындағы тәуліктік балапандарды өндіреді.

- Суда жүзетін құстардың инкубациялық жұмыртқаларын өндіру бойынша асыл тұқымды құс фабрикасы, 2,345 млн. дана көлемінде жұмыртқа өндіреді.

- Жұмыртқа бағыты бойынша II ретті 3 племптицепродуктор, асыл тұқымды жұмыртқа өндіру үшін 98,8 млн. дана және тәуліктік балапандар 7297,6 мың бас.

Өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты ішкі нарықтағы импорттың үлесі төмендейді, сондықтан 2016 жылы Қазақстан Республикасы бойынша импорттық құс етінің үлесі 53%-ды құраса, 2022 жылы ол 31%-ға дейін төмендеді, бұл отандық өндіріс [4].

Бүгінде республикада жұмыртқа мен құс етін өнеркәсіптік кәсіпорындармен қатар шаруашылықтар да өндіреді.

2024 жылы 1 наурыз айының мәліметтері бойынша үй шаруашылықтарындағы жалпы құс санының 18,3%; шаруа немесе фермер қожалықтарында және жеке кәсіпкерлерде 1,1%; ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 80,6% құрады. Сондай-ақ, шаруашылықтың барлық санаттары бойынша сою көлемі тірі салмақта 70282,1 мың тоннаны, ал сою

салмағында 56526,6 мың тоннаны құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңінен 7,1%-ға артық. Құс жұмыртқасын өндіру 1,4%-ға төмендеп, 675 687,6 млн. дана болды.

Қайта өңдеу кәсіпорындарына 1030,2 мың дана құс жұмыртқасы сатылды; сауда желісі және қоғамдық тамақтандыру желісі арқылы 529 051,8 мың дана, экспортқа 4802,7 мың дана. Өнеркәсіптік тұтыну 26393,8 мың дана, тамақ өнімдеріне 2829,8 мың дана өңделеді.

1- Сурет - Аймақтар бойынша құс санының салыстырмалы деректері

Ет өндіру бойынша құс фабрикалары негізінен республиканың оңтүстігі мен шығысында, ал жұмыртқа өндіру бойынша солтүстік және орталық аудандарда шоғырланған.

Қазақстан Республикасындағы құс басының санын аймақтар бойынша талдау көрсеткендей (1-сурет), Алматы облысы 1-ші орында (17530,5 мың бас), 2-ші Ақмола облысы (8385,0 мың бас), 3-ші орында Солтүстік Қазақстан облысы (5131,7 мың бас). Сондай-ақ, Қостанай (4324,2 мың бас) және Шығыс Қазақстан (3904,0 мың бас) облыстарын атап өтуге болады.


1-кесте – Қазақстан Республикасындағы құс шаруашылығының негізгі экономикалық көрсеткіштерінің динамикасы



							ж-ға
1	Құс саны, млн бас	45,1	43,2	47,7	49,6	56,5	125,1
2	Құс етін өндіру көлемі, мың тонна	304,7	324,3	330,8	327,4	333,9	109,6
3	Жұмыртқа өндіру, млн дана	5 513,4	5 047,8	4 819,8	5 027,2	4 919,9	89,2
<i>*Ескерту- [4] дереккөзіне негізделген автор құрастырған</i>							

1-кестеге сәйкес, құстардың саны 2019-2023 жылдар аралығында айтарлықтай өсті. Ең көп өсім 2023 жылы байқалды, ол кезде құстардың саны 56,5 миллионға жетті, бұл 2019 жылғы деңгейден 25,1%-ға жоғары. Бұл құс өнеркәсібіндегі өсуді немесе технология мен құстарды ұстау жағдайларын жақсартуға байланысты болуы мүмкін. Құс етінің өндірісі де 2019-2023 жылдар арасында аздап өсті, дегенмен бұл өзгеріс құс басындағыдай байқалмайды. 2023 жылы құс етін өндіру 333,9 мың тоннаны құрады, бұл 2019 жылдың деңгейінен 9,6%-ға жоғары. Бұл құс етін тұтынудың артуына немесе өндіріс процестерінің жақсаруына байланысты болуы мүмкін. Жұмыртқа өндірісі 2019 жылдан 2023 жылға дейін төмендеген. 2023 жылы жұмыртқа өндірісі 4 919,9 млн дана болды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 10,8%-ға аз. Бұл құс өсіру тәжірибесінің өзгеруі немесе басқа экономикалық және әлеуметтік факторлар сияқты әртүрлі факторларға байланысты болуы мүмкін.

2-Сурет – Аймақтар бойынша құс еті мен жұмыртқа өндірісінің салыстырмалы деректері



2023 жылы 333,9 мың тонна құс еті өндірілді. Өндіріс бойынша көшбасшылар Алматы (41,4 тонна, бұл жалпы құс етін өндірудің, 12,4%), Түркістан (34,5 тонна, бұл 10,3%) және Ақтөбе (25,8 тонна, 8%) облыстары болды. Сондай-ақ, 2023 жылы Қазақстанда 4919,9 миллион дана жұмыртқа

өндірілді. Өндіріс бойынша көшбасшылар Ақмола (711,7 мың дана, бұл 14,5%), Қарағанды (693,9 мың дана, бұл 14,1%), Солтүстік Қазақстан (680 мың дана, бұл 13,8%) облыстары (2-сурет).

Қорытынды. Қазақстан Республикасында құс шаруашылығы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығының негізгі салаларының бірі болып табылады. Соңғы жылдары сала жаңа технологиялар мен мемлекеттік қолдауды енгізу есебінен тұрақты өсуді көрсетуде. Қазақстан Үкіметі құс фабрикаларын жаңғырту жөніндегі бағдарламаны белсенді дамытуда, тиімділігі жоғары жабдыққа инвестицияларды ынталандыруда, малдың генетикалық әлеуетін жақсартуда және жемшөп сапасын арттыруда. Мемлекеттік субсидиялар мен гранттар өнімділікті арттыруға бағытталған, бұл отандық жұмыртқа мен құс етін өндірудің өсуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, құс өнімдерінің экспортын ынталандыру маңызды бағыт болып табылады. Халықаралық нарықтардағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында Қазақстанда өнімнің қауіпсіздігі мен сапасының қатаң стандарттары енгізілуде. Үкімет жақын және алыс шетелдердегі өткізу нарықтарын кеңейтуге, сондай-ақ тәуекелдерді азайтуға және саланың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге көмектесетін ветеринариялық бақылауды күшейтуге ұмтылады.

Қазақстанда құс шаруашылығы құстардың саны бойынша да, ет пен жұмыртқа өндіру көлемі бойынша да, тұрақты өсім керсетіп отыр. Бұл ауыл шаруашылығы саласының жоғары белсенділігі мен даму әлеуетін көрсетеді.

Ет пен жұмыртқа өндірісін өнеркәсіптік кәсіпорындар да, шаруа қожалықтары да қамтып отыр, бұл нарықтағы бәсекелестік пен әр алуандылыққа ықпал етеді. Бұл ауылдық жерлерде шағын және орта бизнесті дамытуға қолайлы жағдай туғызуда.

Аймақтар бойынша құс етін өндірудегі айырмашылықтар елдің, әртүрлі аймақтарындағы саланың дамуының бірегей ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл климаттық жағдайларға, ресурстардың қолжетімділігіне және басқа факторларға байланысты болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында құс шаруашылығын одан әрі дамыту үшін өндіріс орындарын жаңғыртуға, құстарды азықтандыру мен ұстаудың инновациялық технологияларын енгізуге, сондай-ақ ветеринариялық қызмет пен биоәртүрлілікті жақсартуға баса назар аудару қажет. Өнімді өндеу инфрақұрылымына инвестицияларды ынталандыру және экспорттық нарықтарды кеңейту маңызды, бұл қазақстандық өнімнің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады және импорттық жеткізілімдерге тәуелділікті азайтады.

Ғылыми жетекшісі - э.ғ.к., қауымд. профессор Бодаухан Қ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бейсенова, Ө., Каймулдинова, К., Әбілмәжінова, С. (2010). *География оқулық*. Алматы: Мектеп.
- 2 Кочию, ИИ, Петраю, МГ, Смирнов, СБ. (2003). *Птицеводство*. Москва: КолосС.
- 3 Бессарабов, БФ, Бондарев, Э. (2005). *Птицеводство и технология производства яиц и мяса птиц*. Санкт-Петербург: Лань.
- 4 Статистика агенттігі. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми интернет-ресурсы.
<http://www.stat.gov.kz>